

## Кірме темір жолдарды пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 131-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 19 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2281. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 253 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2006 жылғы 11 қазандағы N 253 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына  
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Кірме темір жолдарды пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 17 сәуірдегі N 131-І бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеудің тізлімінде 2281 нөмірмен тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, таныстыру мен таратуға жатады.

**M и n i s t r**

-----  
"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 58-бабына  
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Кірме темір жолдарда жылжымалы құрамдарды және контейнерлерді беру-жинастыруға, маневрлік жұмыстарды жүргізуге тыйым салынатын бұзушылықтардың тізбесі (1-қосымша) бекітілсін.

2. Мемлекеттік көліктік бақылау органы - темір жол көлігін бақылау мәселелерімен айналысады Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті мен оның аумақтық органдарының мамандарынан кірме темір жолдарда қозғалыс қауіпсіздігіне жылжымалы құрамдардың, контейнерлердің, жүктөрдің сақталуына қауіп төндіретін бұзушылықтарды анықтау мен ақаулықтар туралы акті жасауға жаупты тұлғалар белгіленсін.

3. Тасымалдаушыға және магистральдық темір жол желісінің операторына кірме темір жолда қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарын анықтайтын жаупты

тұлғаға - темір жол станциясының бастығы; темір жол станциясы бастығының орынбасары; жолдарға және жасанды ғимараттарға техникалық тексеру жүргізетін жауапты лауазымдық тұлғаны белгілеу ұсынылсын.

4. Белгіленген нысанға (2-қосымша) сәйкес жауапты тұлғалардың тексеру нәтижелері бойынша толтырылған анықталған бұзушылықтар туралы актісі кірме темір жолдарда жылжымалы құрам мен контейнерлерді беру-жинастыруды, маневрлік жұмыстарды жүргізуі тоқтатуға негіз болып белгіленсін.

5. Тасымалдаушы және магистральдық темір жолдарда жылжымалы құрам мен контейнерлерді беру-жинастыру және маневрлік жұмыстарды тоқтата тұрған жағдайда анықталған қозғалыс қауіпсіздігін бұзу туралы актісін Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарына акт жасалған сәтінен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей жіберілсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (М.Т.Бейсембаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі Ю.И.Лавриненкоға жүктелсін.

8. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданыска енгізіледі.

*Министр*

"Кірме темір жолдарды пайдаланудың кейбір мәселелері туралы"  
Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникациялар  
министрінің

2003 жылғы 17 сәуірдегі

N 131-1 бұйрығына

1-қосымша

**Кірме темір жолдарда жылжымалы құрамдарды және контейнерлерді беру-жинастыруға, маневрлік жұмыстарды жүргізуге тыйым салынатын бұзушылықтардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 109-1 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану ережесін маневрлік жұмыстарды және/немесе тиесу-түсіру операцияларын жүргізуде өндіріске қауіп төндіретін жолдың жоғарғы құрылышын және жасанды ғимараттарды техникалық күтіп ұстау нормаларының

сақталмау бөлігінде және Құрылышқа жақындау габаритін және тиеу габаритін сақтау ережесінің бұзылуы.

2. Жылжымалы құрамның өз бетімен жылжуын бекітетін құралдардың жарамсыздарын қолдану немесе олардың болмауы.

3. Кірме жолдардың қосылған жерлерінде жылжымалы құрамның магистральдық (станция) жолға шығып кетуін болдырмайтын сақтандырғыш түйік жолдардың, ауыстырғыш иінді үшкірлердің, стрелкалардың, тежегіштің, қорғау стрелкаларының болмауы.

4. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 56 және 60-баптарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қаңтардағы N 70 қаулысымен бекітілген темір жолдардың уақытша жарғысымен көзделген кірме темір жолдарды пайдалану ережелері мен нормаларын сақтамау.

"Кірме темір жолдарды пайдаланудың кейбір мәселелері туралы"

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникациялар

министрінің

2003 жылғы 17 сәуірдегі

N 131-1 бұйрығына

2-қосымша

**Анықталған бұзушылықтар туралы акт**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_ жылғы "—" \_\_\_\_\_

(тексерушінің Т. А. Ә және лауазымы)  
кірме темір жолдың

(станцияның немесе басқа кірме жолдың атауы)  
қосылатын \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

(стрелкадан, сигналдан) (стрелкаға, сигналға)

(кірме жолдың меншік иесінің немесе жалға алушының толық атауы)  
тиесілі \_\_\_\_\_

(сатып алу-сату шарты, жалға алу шарты)  
негізінде тексеру жүргізілгенде мыналар анықталды:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Корытынды: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

"Таныстырылды"

(лауазымды тұлғаның қолы) (желі иесінің Т.А.Ә және қолы)

*Ескерту:* акт екі түпнұсқа данада жасалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК